

Шитті мақта және (немесе) мақта талшығы сапасының жойылу немесе нашарлау фактісін анықтау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 7 қазандағы 4-6/895 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2015 жылы 18 қарашада № 12300 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 16 ақпандығы № 44 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 16.02.2021 № 44 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРДАМАНЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Шитті мақта және (немесе) мақта талшығы сапасының жойылу немесе нашарлау фактісін анықтау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өндеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2015 жылғы 21 қазан

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 7 қазандагы
№ 4-6/895 бұйрығымен
бекітілген

**Шитті мақта және (немесе) мақта талшығы сапасының
жойылу немесе нашарлау фактісін анықтау
қағидалары**

1. Осы Шитті мақта және (немесе) мақта талшығы сапасының жойылу немесе нашарлау фактісін анықтау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 17-бабының 4-тармағына сәйкес өзірленген және шитті мақта және (немесе) мақта талшығы сапасының жойылу немесе нашарлау фактісін айқындау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай шартты ұғымдар пайдаланылады:

1) шитті мақтаның және (немесе) мақта талшығының жоғалуы – шитті мақтаны және (немесе) мақта талшығын сақтау шартына сәйкес иесінен сақтауға қабылданған шитті мақтаның және (немесе) мақта талшығының жойылуы немесе мақта өндеу үйімінде нақты болмауы;

2) шитті мақтаның және (немесе) мақта талшығының жойылуы – пайдалану мүмкін емес дәрежеге дейін шитті мақтаның және (немесе) мақта талшығының тұтыну сапасының жоғалуы;

3) шитті мақта және (немесе) мақта талшығы сапасының нашарлауы – шитті мақтаның және (немесе) мақта талшығының сапа көрсеткіштерінің мақта қолхатында көрсетілген көрсеткіштерге қарағанда нашарлауы.

3. Мақта өндеу үйімінде шитті мақтаның және (немесе) мақта талшығының барын анықтау Заңының 7-бабының 18) тармақшасына сәйкес бекітілетін Мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

4. Мақта өндеу үйімінде шитті мақта және (немесе) мақта талшығы бар болған кезде олардың сапасын сараптау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-5/280 бұйрығымен бекітілген Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы қуәлік беру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12152 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 4-1/168 бұйрығымен бекітілген Мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу

және мақта талшығының сапа паспортын беру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12009 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

5. Жергілікті атқарушы орган шитті мақта және (немесе) мақта талшығы сапасының жойылу немесе нашарлау фактісі анықталған сәттен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей ол туралы барлық мұдделі адамдарға мақта өндеу ұйымы орналасқан жердегі тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таратылатын мерзімдік баспа басылымдарына мемлекеттік және орыс тілдерінде тиісті хабарландыруды орналастыру арқылы хабарлайды, сондай-ақ шитті мақта және (немесе) мақта талшығы сапасының жойылу немесе нашарлау фактісі болғаны туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

6. Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысушы мақта өндеу ұйымы сақтауға қабылдаған шитті мақта және (немесе) мақта талшығы сапасының жойылу немесе нашарлау фактісі басталған кезде мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры осы мақта өндеу ұйымының мақта қолхаттарын ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін сапасы бойынша жойылған немесе нашарлаган шитті мақтаның және (немесе) мақта талшығының өтеу кезінде қалыптасқан нарықтық құнының кемінде сексен пайызы мөлшерінде ақшамен өтеуді жүргізеді.

Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысушы мақта өндеу ұйымының мақта қолхатын ұстаушы алдындағы міндеттемелерін өтеуді жүзеге асырған мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорына ол төлеген сома шегінде мақта қолхатын ұстаушының осы мақта өндеу ұйымына қоятын талап ету құқығы өтеді.

Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысушы мақта өндеу ұйымдары мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру мақсатында мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорына мақта қолхаттарының тізілімін ұсынуға міндетті.